

31.08.2021
(күні, айы, жылы)
№ 1 пед. кеңестің
шешімінде қабылданды

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Ер - Сәби»
балабақшасының
менгерушісі: Қоңғарбай Н.М.

«31» 08 2021 жыл

2021-2022 оқу жылындағы өтпелі тақырыптар

№	Айлары	Тақырыбы	Мақсаты мен міндеттері
1.	Қыркүйек	«Балабақша»	Балалардың бойында балабақшаға, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.
2.	Қазан	«Менің отбасым»	Отбасы ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің еңбек міндеттері; отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.
3.	Қараша	«Жомарт күз»	Бау, бақша мен алқаптардан жиналатын астық туралы балалардың білімін қалыптастыру, еңбек адамдары мен еңбек нәтижелеріне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.
4.	Желтоқсан	«Менің Қазақстаным»	Балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, «Мәңгілік Ел» жалпымұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеуге ықпал етеді.
5.	Қаңтар	«Қыс қызығы»	Жылдың қыс мезгілінде балаларды шымыр болуға, қармен ойнауға, мұзда сырғанауға, аққала жасауға, шаңғы, коньки мен шанамен сырғанауға баулу.
6.	Ақпан	«Аңдардың қысқы тіршілігі»	Балаларда жанаңшылық сезімін, көмек көрсету ниетін тәрбиелеу, аңдар мен құстардың қыстауы, көптеген құстар мен аңдарда жаңа қауырсын мен жүн өсетіні, түстері өзгеретіні, көптеген жабайы аңдардың ұйқыға жататыны, орманды мекендейтіндер суықтан қарда қорғанатыны туралы білім алу.
7.	Наурыз	«Жылғалардан су ақты»	Жыл мезгілдерін анықтай білу, көктем белгілерін білу, көктем ерте түскенде қардың еруі, күн көзінің жылуымен оның жылғаларға айналуы, олардың мөлдір өзенге құйылуы, табиғаттың оянуы, алғашқы бәйшешектердің шығуын білу.
8.	Сәуір	«Табиғаттың гүлденуі»	Қоршаған орта, экологиялық мәдениет негіздері және табиғатқа ұқыпты қарау туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, балалардың табиғат құндылығы және онда өзін ұстау тәртібі туралы білімін дамыту, балалардың табиғатпен араласудан жағымды тәжірибе алуы, көктемде барлық жаратылыстың көктейтіні туралы білімдерін қалыптастыру.
9.	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін»	Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді; жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауға ынтығасын, өзінің туған қаласына, өз еліне құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуді қарастырады.